Барлық ескертулер мен нұсқауларды кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Барлық ескертулердегі «электрқұрал» термині электр желісінен (сым арқылы) немесе аккумулятор батареяларынан (сымсыз) қуат алатын электрқұралды білдіреді.

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орнында тазалықты сақтаңыз. Ретсіздік немесе жұмыс орнының жарық жоқ аумақтары жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Жанғыш сұйықтықтар, тұтанғыш газдар немесе шаң бар бөлмеде бұл электрқұралмен жұмыс істемеңіз. Пайдалану кезінде, сондай-ақ қосу және өшіру кезінде құрал ұшқын шығарады, бұл шаң мен будың тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электрқұралмен жұмыс істеу кезінде Сіздің жұмыс орныңызға балалар мен бөгде адамдардың жақындауына жол бермеңіз. Сіз электрқұралды басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

Электрқауіпсіздік

- Электрқұралдың штепсельдік ашасы штепсельдік розеткаға сәйкес келуі тиіс. Штепсельдік ашаға ешқашан өзгеріс енгізбеңіз. Жерге тұйықталған электрқұралдарға өтпелі істікшелерді қолданбаңыз. Өзгеріс енгізілмеген штепсельдік ашалар мен сәйкес штепсельдік розеткалар ток соғу қаупін азайтады.
- Электрқұралды жаңбырдан және дымқылдан қорғаңыз. Электрқұралға судың кіруі ток соғу қаупін арттырады.
- Кәбілді басқа мақсатта пайдалануға болмайды, мысалы, электрқұралды тасымалдау немесе ілу үшін немесе ашаны штепсельдік розеткадан тартып шығару үшін. Кәбілді жоғары температураның, майдың, өткір жиектердің немесе электрқұралдың қозғалатын бөлшектерінің әсерінен қорғаңыз. Зақымдалған немесе оралған кәбіл ток соғу қаупін арттырады.

Жеке қауіпсіздік

- Электрқұралмен жұмыс істегенде сақ болыңыз, не істеп жатқаныңызды қадағалаңыз және жұмысты мұқият бастаңыз. Шаршап тұрғанда немесе есірткі, спирттік ішімдік немесе дәрі қабылдағаннан кейін электрқұралды пайдаланбаңыз. Электрқұралмен жұмыс істеу барысындағы бір сәт абайсыздық ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Электрқұралдың жұмысының түріне байланысты, жеке қорғану құралдарын, мысалы, қорғану маскасын, табаны таймайтын аяқ киімді, қорғану шлемін немесе есту мүшелерін қорғау құралдарын пайдалану жарақат алу қаупін азайтады.
- Электрқұралдың байқаусызда қосылуына жол бермеңіз. Электрқұралды электр қуат көзіне және/немесе аккумуляторға қосудан бұрын электрқұралдың өшірілген күйде болуына көз жеткізіңіз. Қосылған құралды қосқышынан ұстамаңыз.
- Орнату құралын немесе сомын кілттерін электрқұралды қосуға дейін алып тастаңыз. Электрқұралдың айналмалы бөлігінде орналасқан құрал немесе кілт жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Дене тұрқы қолайсыз күйде болмауы керек. Әрқашан өзіңізге орнықты жағдай жасаңыз және тепе-теңдікті сақтаңыз. Осының арқасында электрқұралды күтпеген жағдайларда жақсырақ басқара аласыз.
- Жарамды жұмыс киімін киіңіз. Кең киімді кимеңіз және әшекей заттарды тақпаңыз. Шашты, киім мен қолғапты қозғалмалы бөліктерден аулақ ұстаңыз.
- Шаң соратын және шаң жинайтын құрылғыларды орнату мүмкіндігі болса, олардың қосылуын және дұрыс пайдаланылуын тексеріңіз. Шаңсорғышты қолдану шаңнан болатын қауіпті төмендетуі мүмкін.
- Электрқұралдарды жиі пайдалану нәтижесінде алынған жақсы тәжірибе өз-өзіне тым қатты сенушілікке және олармен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын ескермеуге әкелмеуі тиіс. Құралды ұқыпсыз пайдалану лезде ауыр жарақат алу қаупін тудырады.

Электрқұралдарды дұрыс пайдалану

- Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Электрқұралға шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Жұмысыңыз үшін соған арналған электрқұралды пайдаланыңыз. Сипаттамасы сәйкес келетін электрқұралмен көрсетілген қуат ауқымында жақсырақ және сенімдірек жұмыс істейсіз.
- Ажыратқышы ақаулы электрқұралмен жұмыс істеменіз. Қосуға немесе өшіруге болмайтын электрқұрал қауіпті және оны жөндеу керек.
- Электрқұралды баптауды бастауға дейін, керек-жарақтарды алмастырудан және жұмысты аяқтаудан бұрын штепсельдік ашаны желі розеткасынан ажыратыңыз және/немесе аккумуляторды шығарып алыңыз. Бұл электрқұралдың байқаусызда қосылуына жол бермейді.
- Электрқұралды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және осы нұсқаумен таныс емес немесе осындай құралдармен жұмыс істеу тәжірибесі жоқ адамдарға бұл құралмен жұмыс істеуге рұқсат етпеңіз. Тәжірибесіз пайдаланушылардың қолындағы электрқұрал қауіпті болады. Электрқұралдарға және керек-жарақтарға техникалық қызмет көрсетіңіз.

- Электрқұралды пайдалануға теріс ықпал етуі мүмкін жағдайларды тексеріңіз, мысалы, қозғалатын бөлшектердің дәл реттелуі, тұрып қалу, сыну және т.б. Ақаулар анықталған жағдайда, электрқұралды пайдаланудан бұрын оны жөндеу керек. Жазатайым оқиғалардың көпшілігі дұрыс қызмет көрсетілмеген электрқұралдарға байланысты болады.
- Кескіш құралды жақсы қайралған және таза күйде ұстау керек. Дұрыс күтім жасалған және жақсы қайралған құралдың тұрып қалу ықтималдығы айтарлықтай төмен болады және онымен жұмыс істеу жеңілдірек.
- Бұл электрқұралды, керек-жарақтарды, жұмыс құралдарын, қондырмаларды және басқа бөлшектерді осы нұсқауларға сәйкес және жұмыс ерекшелігін ескере отырып пайдаланыңыз. Электрқұралды көрсетілмеген басқа операцияларды орындау үшін пайдалану қауіпті жағдайлардың пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Ұстауға арналған майланған тұтқаларды және беттерді дереу тазалаңыз, олар құрғақ әрі таза болуы тиіс. Құрғақ емес тұтқалар мен ұстауға арналған беттер күтпеген жағдайларда электрқұралды қауіпсіз басқаруды және бақылауды қамтамасыз етпейді.

Сервистік қызмет көрсету

- Электрқұралға қызмет көрсету жұмыстарын білікті техникалық қызметкерлер сәйкес келетін қосалқы бөлшектерді ғана пайдаланып орындауы тиіс. Бұл қызмет көрсетілетін электрқұралдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Электр қыл арасымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі ескертулер

- Жұмыс құралы жасырылған электр сымдар жүйесіне немесе құралдың өзінің кәбіліне тиіп кетуі мүмкін жұмыстарды орындау кезінде қыл араны оқшауланған беттерден ұстаңыз. Жұмыс құралы кернеулі сыммен жанасқанда электрқұралдың металл бөліктерінде кернеу пайда болып, ток соғуы мүмкін.
- Дайындамаларды бұрандама қысқыштардың көмегімен немесе берік негіздегі басқа әдіспен бекітіңіз. Дайындаманы тек қолмен ұстасаңыз немесе денеңізге қысып тұрсаңыз, ол қозғалмалы күйде қалады және бақылау мүмкіндігінен айырылуыңыз мүмкін.

Бұйымның қызмет мерзімі 5 жылды құрайды. Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтағы талаптарды орындаған жағдайда жарамды болады.

Шектік істен шығу жағдайларының тізімі:

- қатты ұшқын шыққанда пайдаланбау;
- қатты діріл пайда болғанда пайдаланбау;
- бұзылған немесе жалаңаш кәбілмен пайдаланбау;
- бұйымның корпусынан түтін шыққанда пайдаланбау.

Қызметкерлердің ықтимал қате әрекеттері:

- зақымдалған тұтқасымен немесе зақымдалған қорғау қаптамасымен пайдаланбау;
- жаңбыр жауып тұрғанда ашық кеңістікте пайдаланбау;
- корпусқа су кіргенде қоспау.

Шектік күй шарттары:

- электрлік кәбіл тозған немесе зақымдалған;
- бұйымның корпусы зақымдалған.

Шартты белгілер



Жарақат алу қаупін азайту үшін тұтынушы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып шығуы керек



Ескерту



Есту мүшелерін қорғауға арналған құралдарды пайдаланыңыз



Көзді қорғауға арналған құралдарды пайдаланыңыз




Шаңға қарсы респираторды пайдаланыңыз



Қос оқшаулау

Құрылғы схемасы



- | | |
|--|---------------------------------------|
| 1. Ажыратқыш | 8. Маятниктік жүрісті ажыратып-қосқыш |
| 2. Бұғаттау түймесі | 9. Параллель тіреуіш |
| 3. Тұтқа | 10. Роликті бағыттауыш |
| 4. Шаңсорғышқа арналған жалғастырғыш тетік | 11. Кескіш |
| 5. Негіз еңісін орнату тетігі | 12. Қорғау қапсырмасы |
| 6. Негіз | 13. Кескіштің кілтсіз ұстағышы |
| 7. Еңіс негіз | 14. Жарықтандыру |
| | 15. Жүріс жиілігін реттегіш |

* Стандарт жеткізілім жиынтығында суреттерде немесе сипаттамада көрсетілген керек-жарақтардың барлығы бола бермейді.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулар



ЕСКЕРТПЕ. Құралды пайдаланудан бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Пайдалану мақсаты


Электр қыл арасы ағаш, полимер және металл материалдарды түзу және қисық сызық бойынша кесуге арналған.

Ажыратқыш

Құралды іске қосу үшін ажыратқышты басыңыз, ал оны тоқтату үшін босатыңыз.

Ажыратқышты бұғаттау түймесі

Ажыратқышты, сонан соң бұғаттау түймесін басыңыз, сонан кейін алдымен ажыратқышты, сонан соң бұғаттау түймесін босатыңыз. Енді ажыратқыш құралды үздіксіз пайдалану үшін бұғатталды. Құралды өшіру үшін ажыратқышты басыңыз және босатыңыз.




Кескіш жүрісінің жылдамдығын басқару

Материал түріне, қалыңдығына және пайдаланылатын кескіштің сипаттамаларына байланысты, жылдамдықты арттыру немесе азайту үшін жүріс жиілігін реттегішті бұраңыз (мұны жүктемесіз жұмыс кезінде де орындауға болады). Жылдамдықты таңдау жөніндегі жалпы нұсқауларды 1-кестеден қараңыз.

Өте төмен жылдамдықта ұзақ уақыт пайдаланбаңыз, бұл қыл араның қозғалтқышын зақымдауы мүмкін.

1-кесте	
Материал	Жылдамдықты орнату
Ағаш	5-6



Металл	3-4
Алюминий	3-5
ПВХ	3-4
Керамика	3-5



Кескішті бекіту

ЕСКЕРТПЕ. Кез келген реттеуден, қызмет көрсетуден немесе жөндеуден бұрын ашаны розеткадан шығарыңыз. Кескішті орнату кезінде қорғаныс қолғабын киіңіз. С1 суретінде көрсетілген кескіш түрін ғана пайдалануға болады. Басқа түрлерді пайдаланбаңыз.


Кескішті орнату



Кескіштің ұстағышын ашу үшін сақинаны сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз (қыл араны аударылған күйде ұстап) және осы күйде ұстап тұрыңыз. Сонан соң кескішті ұстағыштың кертігіне толығымен салыңыз, кескіштің тістері алға қарап тұруы тиіс, сақинаны жіберіңіз, ол өздігінен бұралады және кескіштің жоғарғы бөлігін қысады. Кескіштің сенімді түрде бекітілгенін тексеру үшін оны басып көріңіз. Кескіштің жиегі бағыттауыштың ойығында тұрғанын тексеріңіз.

Кескішті шығару

Кескішті шығарып алу үшін, оны ұстап тұрып, ұстағыштың сақинасын сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз, сонан соң кескішті көтеріңіз (серіппе кескішті шығара алады).




! **ЕСКЕРТУ.** Кескіштің тістері өте өткір болады. Кесу кезінде ең жақсы нәтижелерді алу үшін нақты материалға сәйкес келетін және кесудің қажетті сапасын қамтамасыз ететін кескішті пайдаланыңыз.

Параллель тіреуішті орнату

Параллель тіреуіштің кронштейнін параллель тіреуіштің екі қысқышынан өткізіңіз және кесу кезінде қажетті саңылауды қамтамасыз ету үшін бекіту тұтқасын (а) тартып бекітіңіз. Параллель тіреуішті D суретінде көрсетілгендей етіп екі күйде орнатуға болады.

ЕСКЕРТПЕ. Параллель тіреуішті екі жағынан да орнатуға болады.




Роликті бағыттауыш

Кескіштің ойықта тұрғанын және бірқалыпты қозғалатынын тексеріңіз, әйтпесе маятниктік жүріс функциясы дұрыс жұмыс істемейді және жұмыс кезінде кескіш ештеңеге таяна алмайды.

Маятниктік жүрісті ажыратып-қосқыш

Маятниктік жүріс функциясы кесу тиімділігін арттыру үшін кескіштің алдыңғы кесу бұрышын өзгертеді. Сонымен қатар оны жүктемесіз жұмыс істеу кезінде реттеуге болады. Қосымша ақпарат алу үшін 2-кестені қараңыз. Маятниктік жүріспен кесу кезінде кескішке шамадан тыс күш салмаңыз. Кескіш жоғары қарай қозғалған кезде ғана кеседі.






2-кесте	
0	Жұқа материалдар. Таза кесу. Бірқалыпты бүгілістер
1	Қатты материалдар (мысалы, болат және ағаш-жаңқалы тақта)
2	Қалың материалдар (мысалы, ағаш) және пластик
3	Жылдам кесу (мысалы, жұмсақ ағаш). Ағаш талшықтарының бағытымен кесу

Негіз

Негіздің еңісін өзгерту бұрышпен кесуге мүмкіндік береді. Негіз әрқашан кесілетін материалға тығыз жанасып тұруы тиіс, себебі ол дірілді және кескіштің серпілістерін азайтады және оның бұзылу қаупін төмендетеді.


Негіздің еңіс бұрышын реттеу

Негіздегі және еңісті негіздегі бұрыш белгілері қажетті бұрышта (0°, 15°, 30°, 45°) сәйкес келуі үшін берілген бұрышқа бұру үшін негіз еңісін орнату тетігін 90° етіп орнатыңыз. Басқа қиғаштық бұрыштарын пайдалану үшін тақтаны қажетті бұрышқа бұрыңыз (транспортирді пайдаланыңыз). Жоғарыда сипатталған процедуралардың бірін орындай отырып, негізді қажетті бұрышпен бекіту үшін, негізді орнында және негіздің еңісін орнату тетігін бастапқы күйде ұстаңыз. Соңында бұрышты тексеріңіз және негіздің берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Негіздегі бұрыштардың белгілері көптеген жалпы жұмыстар үшін жеткілікті дәл болады, бірақ ерекше дәл жұмыс үшін бұрышты транспортирдің көмегімен орнату және басқа материалда сынақ кесік жасау ұсынылады.



Шаңтартқыш жалғама құбыр

Шаңтартқыш жалғама құбырды негіздегі тесікке салыңыз. Шаңсорғыштың жалғама құбырының пластик ұшы суретте көрсетілгендей сияқты корпустағы тиісті тесікке кіріп тұрғанын тексеріңіз.



Қорғау қапсырмасы

Қорғау қапсырмасы кескіштің ұстағышының алдында орналасады. Жұмыс кезінде ол қозғалатын кескішке жанасуды болдырмауға көмектеседі.

Шаң үрлеу тесігі

Бұл корпустың астында кескішті бағыттауыштың артында орналасқан кішкентай тесік болып табылады. Ол бос болуы тиіс, бұл ауа ағынына кесу аймағынан шаңды үрлеуге мүмкіндік береді.

Жарықтандыру

Жарықтандыру жарықдиодының жарықтығы қозғалтқыштың жылдамдығына тәуелді болады.

! **ЕСКЕРТУ.** Жарық сәулеге және жарық көзіне тікелей қарамаңыз.

Қыл арамен жұмыс істеу жөніндегі кеңестер

Егер қыл ара қатты қызып кетсе, әсіресе төмен жылдамдықта жұмыс істегенде, қозғалтқышты салқындату үшін максимал жылдамдықты орнатыңыз және құралды жүктемесіз 2–3 минут жұмыс істетіңіз. Өте төмен жылдамдықтарда ұзақ уақыт пайдаланбаңыз.

Жалпы ақпарат

Әрқашан кесілетін материалға және оның қалыңдығына сәйкес келетін кескішті пайдаланыңыз. Дайындама жылжып кетпеуі үшін әрқашан оны берік етіп бекітіңіз немесе қысып қойыңыз. Басқаруды жеңілдету үшін кесуді бастағанда төмен жылдамдықты пайдаланыңыз, кейін оны қажетті мәнге дейін арттырыңыз.

Материалдың жылжуы кесуге теріс әсер етуі мүмкін. Кесу кезінде тістер төменнен жоғары қарай қозғалатындықтан, материалды «жүлу» дайындаманың жоғарғы немесе бет жағынан болады. Сондықтан дайындаманы бет жағын төмен қаратып орналастырыңыз.

Ламинатты кесу

Ламинаттың көптеген түрлерін және жұқа ағашты кескенде тістері кішкентай кескішті пайдаланыңыз. Жиектердің жарылып кетуін азайту үшін, дайындаманы екі жағынан және екі шетінен қажетсіз ағашпен қысып тұрыңыз және солар арқылы кесіңіз.



Шеңбер бойынша кесу

Тік дөңгелектерді және сүйір бұрыштарды кескенде маятниктік жүрісті пайдаланбаңыз.

Кірекесу

Кірекесуді ағаш, көбікбетон, гипсолит тақталар және т.б. сияқты тек жұмсақ материалдар үшін қолдануға болады. Қысқа кескіштерді ғана пайдаланыңыз. Негіздің алдыңғы шетін дайындамаға қойыңыз және құралды іске қосыңыз. Құралды дайындамаға тығыз қысыңыз және кескішті дайындамаға ақырын түсіріңіз.

Негіздің бүкіл беті дайындамаға жатқан кезде, кесу сызығы бойынша кесуді жалғастырыңыз.



Металды кесу

Қара металдар үшін тістері кішірек кескішті, ал түсті металдар үшін тістері үлкенірек кескішті пайдаланыңыз. Жұқа қабатты металды кескенде, дірілді немесе металл материалдың үзілу қаупін азайту үшін әрқашан оны екі жағынан ағаш кесектермен қысыңыз. Металды тікелей ағаш арқылы кесу керек. Жұқа металды немесе жайма болатты кескенде кескішке күш түсірмеңіз, себебі олар қаттырақ материалдар болып табылады және оларды кесу үшін ұзағырақ уақыт қажет. Кескішке шамадан тыс күш түссе, оның қызмет мерзімі қысқаруы немесе қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін. Металды кесу кезінде қызуды азайту үшін кесу сызығына аздап май жағыңыз.

Қызмет көрсету

Кез келген реттеуден, қызмет көрсетуден немесе жөндеуден бұрын ашаны розеткадан шығарыңыз.

Бұл электрқұрал қосымша майлауды немесе қызмет көрсетуді қажет етпейді. Бұл электрқұралда пайдаланушы қызмет көрсететін бөлшектер жоқ. Электрқұралды тазалау үшін ешқашан суды немесе химиялық тазалау құралдарын пайдаланбаңыз. Оны құрғақ матамен сүртіңіз. Электрқұралды әрқашан құрғақ жерде сақтаңыз. Қозғалтқыштың желдеткіш тесіктерінің тазалығын қадағалаңыз. Басқару құралдарына шаң түспеуі керек. Кейде желдеткіш тесіктер арқылы ұшқындар көрінеді. Бұл қалыпты жағдай және электрқұралды зақымдамайды.

Қуат кәбілі зақымдалса, қауіпті жағдайды болдырмау үшін оны өндіруші, оның сервистік агенті немесе сондай біліктілікке ие тұлға алмастыруы тиіс.

Техникалық сипаттамалары

DX57 түр белгісі (57 саны жабдықтың қолданылу мақсатын білдіреді және электр қыл арасына қатысты болады)

Үлгісі	DX57
Желі параметрлері	220–240 В, 50 Гц
Тұтынылатын қуат	750 Вт
Бос жүрістегі жүрістер саны	800–3000 жүріс/мин
Кескіштің жүрісі	26 мм
Негізді реттеу бұрышы	0–45°
Макс. кесу	100 мм (ағаш)
	25 мм (металл (алюминий))
	10 мм (металл (болат))
Қорғау класы	II
Салмақ	3,1 кг

Шу мен діріл туралы ақпарат

Дыбыс қысымының деңгейі L_pA (K=5), дБ(A)	80
Дыбыс қуатының деңгейі L_wA (K=5), дБ(A)	91
Діріл деңгейі (K=1,5), m/c^2	6,851 (ағашты кесу режимінде)
	6,766 (металды кесу режимінде)
Есту мүшелерін қорғауға арналған құралдарды пайдаланыңыз.	

Дірілдің мәлімделген жиынтық деңгейі мен шудың мәлімделген деңгейі стандарт сынақ әдісі бойынша өлшенген және оларды бір құралды екіншісімен салыстыру үшін пайдалануға болады.

Сонымен қатар дірілдің мәлімделген жиынтық деңгейі мен шудың мәлімделген деңгейін әсерді алдын ала бағалау үшін пайдалануға болады.



ЕСКЕРТУ. Электрқұралды іс жүзінде пайдаланған кездегі діріл мен шу деңгейлері төменде көрсетілген мысалдарды және құралды пайдаланудың басқа нұсқаларын ескере отырып, құралды пайдалану әдістеріне және оңделетін дайындаманың түріне байланысты мәлімделген мәннен өзгеше болуы мүмкін:


Құралды пайдалану әдістері және кесілетін немесе бұрғылап тесілетін материалдар.

Құралға техникалық қызмет көрсету және оны жақсы күйде ұстау. Электрқұрал үшін өткірлігі жеткілікті және жақсы күйдегі жарамды жабдықтарды пайдалану.

Тұтқаларды ұстау тығыздығы және дірілге қарсы және шуға қарсы керек-жарақтарды пайдалану (бар болса).

Құралды оның құрылымдық ерекшеліктеріне және осы нұсқауларға сәйкес пайдалану.

Дұрыс пайдаланбаған жағдайда бұл құрал діріл-тербелістік ауруды тудыруы мүмкін.

 **ЕСКЕРТУ.** Сондай-ақ нақты пайдалану жағдайларында әсерді бағалау жұмыс циклінің барлық бөліктерін ескеруі тиіс, мысалы, құрал өшірілген және бос жүріс күйінде жұмыс істейтін, бірақ іс жүзінде пайдаланылмайтын уақыты. Бұл бүкіл жұмыс кезеңіндегі әсер ету деңгейін едәуір азайтуы мүмкін. Дірілдің және шудың әсер ету қаупін барынша азайтуға көмектесіңіз.

Әрқашан өткір жабдықты пайдаланыңыз.

Бұл құралға осы нұсқауларға сәйкес техникалық қызмет көрсетіңіз және жақсылап майлаңыз (бұйымдар үшін бұл қолданылса).

Құралды тұрақты түрде пайдалану жоспарланса, дірілге қарсы және шуға қарсы керек-жарақтарды сатып алыңыз.

Жұмыс кестеңізді діріл деңгейі жоғары кез келген құралды пайдалануды бірнеше күнге бөліп жоспарлаңыз.

Жинақталым

Құрылғы	1
Параллель тіреуіш	1
Ағашқа арналған кескіш	1
Шаңсорғышқа арналған адаптер	1
Пайдалану бойынша нұсқаулық	1

Керек-жарақтарды құралды сатып алған дүкеннен сатып алуды ұсынамыз. Қосымша ақпаратты керек-жарақтың қаптамасынан қараңыз. Дүкен қызметкерлері сізге көмектесе және кеңес бере алады.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты түрде бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C және 40°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Бөлмелерде коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы керек.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанудың, соққының, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.

- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және утилизациялау үшін оны электр және электрондық жабдықтарды қабылдайтын тиісті орынға утилизациялау үшін тапсыру керек. Бұл өнімді дұрыс утилизациялауды қамтамасыз ету арқылы, табиғи ресурстарды үнемдеп жұмсауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда болуы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиянды болдырмайсыз. Осы өнімді қабылдау және утилизациялау орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласу немесе құрылғыны утилизациялау керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Позитэк Текнолоджи (Чайна) Ко., Лтд.
№ 18, Дунван тас жолы, Сучжоу өнеркәсіптік паркі, Цзянсу пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдарды қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12-ғимарат, Қазақстан.

Электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «ПОЗИТЕК-ЕВРАЗИЯ» ЖШҚ,
117342, Ресей, Мәскеу қаласы, Бутлеров көшесі, 17-үй, 3-қабат, 67-бөлме.

Электронды пошта мекен-жайы: service.ru@positecgroup.com

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 004/2011 КО ТР;
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011;
- «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 010/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамасы, өнім туралы ақпарат және оның функционалы пайдаланушыға алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін.

TM: CAT®



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының басшылығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 36 ай.
Пайдалану мерзімі: 60 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде санамаланған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- Қашықтан басқару пульті үшін қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған адаптерлер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ) және драйверлер (бұйымды қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектері.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу қағидаларын (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған чиптер, жарықтар, деформациялар, соққылар, қиғаштар, кептелістер және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ адамдардың бөгде модификацияның, рұқсатсыз жөндеудің іздері бар. Егер ақау өнімнің дизайнының немесе схемасының өзгеруіне, өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақау өнімнің ішіне бөгде заттардың, бөгде заттардың, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған, бұл өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелді.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтылымның әсерінен туындаса; БҚ өнім берушінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан парольдерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою.
- Егер жұмыстың ақаулары қоректендіруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (бастапқы емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қоректендіру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін мазмұнды алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



